

ҚАЗАҚ-АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ САН АТАУЛАРЫ ҰЙЫТҚЫ БОЛҒАН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Тулебаева Айнур Бейсенбековна,
Магистр, «Тілдер және әдебиет» кафедрасы,
Орталық Азия инновациялық университеті,
Қазақстан, Шымкент

Аннотация: Қазақ және ағылшын тілдеріндегі көп фразеологиялық бірліктерді салыстыру нәтижелері тіліміздегі фразеологиялық бірліктердің ұлттық мәдени өмірмен байланысын түсінуге, олардың мағыналық, құрылымдық ерекшеліктерін саралауға, негізгі типологиялық ерекшеліктері мен ерекшеліктері.

Түйін сөздер: цифрлар, фразеологиялық бірліктер, сандық фразеологиялық бірліктер, периферия, жиынтық тіркестер

Фразеологизмдер көкейге қонымды, ықшам, ұтқыр да ұтымды сөз өнерінің тілдік және поэтикалық бұлақтары санатына жатады. Айшықты сөз өнерінің басым көпшілігі халықтың тұрмыс тіршілігіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, діни, нанын- сеніміне байланысты туындаған. Олардың құрылымын, тілде қалыптасу кезеңдерін тұрақталу негіздерін зерттеу, сайып келгенде, оқырман қауымды оның тілдік табиғатынан хабардар етіп қоймай, сонымен қатар этнос өмірімен астасып жатқан мызғымас тұтастығымен, этнолингвистикалық, эксталингвистикалық факторлармен қызықтырады.

Сан атаулары - өте ерте заманнан келе жатқан сөздер, оларды барлық көне жазба ескерткіштерден кездестіруге болады. Сан есімдердің көнелігіне байланысты тілдегі барлық сан атауларының қалай жасалғаны көріне бермейді. Кез келген тілдің байырғы сөздік қорына енетін сан атаулары - ақиқат болмыстың өзінен, өмір шындығынан алынған, адамзаттың нақты заттардың өлшем-мөлшерін айыру қажеттігінен туындаған, тарихи тамырын тым көнеден алатын сөздер. «Адам баласынан он саусақ арқылы алғашқы арифметикалық операцияларды жүзеге асыруы еркін шығармашылық ақыл-ойдың жемісі емес. Санай білу үшін, санауға болатын заттардан тыс, адамда осы заттардың басқа да қасиет белгілерін олардың санынан ажырата білу

қабілеті болу керек, ал бұл қабілет ұзақ мерзімдік іс- тәжірибеге негізделетін тарихи дамудың нәтижесі» [2].

Сан есім негізінде жасалған фразеологизмдер тек қана материалдық немесе рухани мәдениеттің нақты көріністерін ғана танытушы бірліктер емес, олар сонымен бірге, ұлттық болмысты, дүниетанымды көрсетітін таным бірліктері - концептілерді құраушы тілдік бірліктер болып табылады. Яғни, сандар дүниені танудың құралы, сол танымды жинақтаушы таңба, сол жиналған ақпараттың реттеп, ұрпақтан- ұрпаққа жеткізетін дайын білімнің кілті деуге де болады. «Фразеологизмдердің ішінде кейбір сөздер семантикалық жағынан ерен байқалып түп қазық есебі қызметін атқарады да бірнеше ондаған фразеологиялық бірліктерде қайталап келіп отырады. Оны «ұйытқы сөз» деп атаған мақұл. Осындай ұйытқы сөздердің табиғатын, себеп-салдарын, тематикалық топтарын өз алдына дара тексерудің маңызы зор» десек [9:611], сан есімдердің көмегімен жасалған тұрақты сөз тіркестерін фразеологияда сан есім атаулары ұйытқы болған фразеологизмдер деп атау үрдісі қалыптасқаны белгілі.

Фраземажасамда негізгі рөл атқаратын сөзді зерттеушілер әрқалай атап жүр. Орыс ғалымдары Н.А.Власова - «общий лексически константный и семантически господствующий компонент», О.С.Ахманова - «опорная семантема», «лексический инвариант», Л.К.Байрамова - «опорное слово», Ю.А.Гвоздарев - «стержневой член», ағылшын ғалымдары - «a keyword», «a headword», «a strong word in the idiom», қазақ фразеологы І.Кеңесбаев «ұйытқы сөз» деп атады.

Қазақ-ағылшын фразеологизмдерінің тың жатқан, арнайы зерттеуді қажет ететін үлкен бір арнасы сан есім атаулары ұйытқы болған фразеологизмдер болып саналады. Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасын құрайтын бір бөлшегі - сан есім қатысқан сөз тіркестері, тұрақты тіркестер. Сан есім қатысқан фразеологизм деп - ұйытқы сөзі сан есімнен келетін фразеологиялық бірлікті айтамыз. Сан есімдердің тұрақты тіркестерде

ўйытқы болу қасиеті басқа сөздермен келген тұрақты тіркестер сияқты емес, бұл сандар сан-мөлшерлік қызметін көп жағдайда жойып алады. Олар белгілі бір нәрсе, құбылыстардың ұғымдық символы ретінде қолданылады.

Ағылшын және қазақ тіліндегі сандық фразеологизмдердің қалыптасуы қос халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктері, тұрмыс салт, діни наным-сенімдерге байланысты пайда болып, әр халықтың рухани байлығына айналған және рухани өмірін суреттейді.

Алайда, қазақ тілінде сан есімнің қатысуымен жасалған фразеологизмдер бірер еңбектерде жол-жөнекей сөз болғанмен, этнолингвистика тұрғысынан арнайы әлі қарастырылған емес. Көптеген ғалымдар сан есім қатысқан фразеологизмдерді әр аспектіде, әр қырынан зерттеу жүргізіп, сандардың өзіндік ерекшеліктерін ашуға тырысты. Сондықтан да сан есім қатысқан фразеологизмдердің табиғатын ашуда бірізділік жоқ.

Сонымен, сан есім - фразеологизм жасауда көп кездесетін сөз табының бірі. Сан есім фразеологиялық единица құрамында лексика-семантикалық жағынан бүтін бір единицалық мәнге ие болып, синтаксистік тұрғыдан күрделі бір мүшенің ғана қызметін атқарады және даяр күйінде қолданылады [2]. Жалпы дүниені тану мәселесіне байланысты ескілікті наным-сенім түрлерінің тілдік көріністері әсіресе сан атауларымен келген тұрақты сөз оралымдарында өте көп кездеседі.

Сандардың фразеологизмдер құрамындағы мағынасы мен фразеологизмдердің жиынтық мағынасына үстемеленетін мазмұндық ренктерін сипаттау үшін, ең алдымен, сан есімнің дербес тұрып, заттың санын, өлшем, мөлшерін атайтын басты атауыштық мағынасына зер салу қажеттігі туындады. Сондықтан да сан есім категориясын жеке сөз табы ретінде қарастырып, олардың жасалу жолдарын, сөзжасамдық жүйесін, семантикалық топтарын танытуға бағытталған С.Е.Малов, Н.А.Баскаков, И.Г.Добродомов, А.Н.Кононов, А.А.Юлдашев, Ғ.Айдаров, Н.Кеңесбаев, Н.Оралбаева, Ә.Хасенов т.б. тілші-ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Қазақ тілінде сандарға негізделген фразеологизмдер құрамында сан есімнің барлық семантикалық топтары орын алғанымен, реттік, есептік, жинақтық сан есімдер «ұйытқы» компоненттік қызметте жиі қолданылатыны байқалды. Сан есім сөз табының негізін құрап, сан есімнің басқа семантикалық топтарының жасалуына да арқау болатын есептік сандар нақтылы сандық ұғымды білдіреді және атайды.

Сан есімдер фразеологизм жасауға ұйытқы болып, басқа сыңарлармен топтаса отырып, бастапқы сандық ұғымнан көп жағдайда алшақтайды да, абстракцияланып кетеді. Сол сияқты сан есімдердің фразеологизмдер ішінде ұйытқы бола алу қабілеті жөнінде І.Кеңесбаевтың сөздігінде арнайы орын берілген. «Тұрақты сөз тізбектерінің біраз бөлігі (фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, т.б.) жеті тоғыз, қырық сияқты бірқыдыру сан есімдердің төңірегіне топталып жүреді. Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым- түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Фразеологизм ішінде бұл сөздер нақтылы сан мағынасында қолданылуы шарт емес. Мысалы, жеті ғылым тілін біледі (жеті ғаламның тілін біледі), қырық ру дегендерде нақты саннан гөрі әйтеуір «көп» деген ұғым бар» [3]. Ал қазақ тіліндегі фразеологизмдердің жалпы сан есімді сыңарлары туралы зерттеген А.Елешева: «Фразеологизм құрауда әсіресе «бір» және «екі» сан есімдері актив қолданылады. Фразеологизмдер құрамында сондай-ақ «төрт», «бес», «алты», «жеті», «қырық» сан есімдері де жиі қолданылады. Ал жинақтық, бөлшектік, реттік сан есімдер фразеологизм құрауға қатыспайды десек те болады» [3] - деп фразеологизм жасауға негізгі арқау болатын сан есімдерді шегелеп береді.

Сан есім қатысқан фразеологизмдер, жалпы сөз тіркестер қаншама зерттеліп келе жатса да, оның күрделі табиғатына тән заңдылықтардың қыры мен сыры қазақ тілінде түгел ашылды деп үзілді - кесілді тұжырым жасауға болмайтын секілді. Оның бір қыры сандардың өзіндік қасиетіне, яки киелі сандарға байланысты екені анық көрінеді.

Сан есімдердің ішінде кейбір сандар сандық мәнімен қатар басқа мағынада қолданылуымен ерекшеленеді. Мұндай жағдай, әсіресе осы сандардың тұрақты тіркестерде, аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, салт-дәстүрлерде және басқа дүниетанымға байланысты қолданылғаны көзге анық түседі. Сонымен бірге бұл құбылыстың тарихы да арыда жатқаны байқалады.

Әрине, бұл тегін нәрсе емес, үніле қарайтын болсақ онда халқымыздың өзіндік дүниетанымдарынан, тұрмыс-салт ерекшеліктерінен туындаған түрлі тілдік деректер мол сақталған. Бұл ретте В. А. Гордлевский мысалы «Алтай тілдеріндегі сан атауларының өзі халықтың рухани мәдениеті мен тарихына, ұлттық дүниетанымына байланысты шыққан» деп жазады. Демек, қазақ тіліндегі сан есім қатысқан фразеологизмдердің басым көпшілігінің пайда болуы о бастағы сан атауларының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты деп қарасақ, оған әсер етуші факторлардың табиғаты ерекше деген сөз. Сондықтан жұмыстың өзектілігі, міне осы сан есім қатысқан фразеологизмдерге таза тілдік факты ретінде ғана емес, этнолингвистикалық тұрғыдан, яғни тілдің атқаратын танымдық қызметі жағынан алып, қарап, зерттеу жүргізуге байланысты. Сан есім қатысқан фразеологизмдер өте көп, солардың ішінде әсіресе халқымыздың рухани ескіліктеріне, мифологиялық наным-сеніміне қатыстылары ерекше көңіл аударады. Сан есімдердің зерттелуі ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басына дейін созылуы (W.E. Collinson, Keith Ellis, J.R. Hurfold, K. Menninger), шет тілдеріндегі сан атауларының осы кезеңге дейін аз зерттелгенінің бірден бір айғағы болып табылады. Сондай-ақ, ағылшын тіліндегі сан есімнің сөз табына қатыстылығын зерттеген L. Alexander, S. Greenbaum, J. Lakoff, G. Leech, R. Quirk, J. Svartvik реттік сан есімді сын есімге жатқызса, ал есептік сан есімдерді зат есімге жатқызады.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі сандық фразеологизмдердің қалыптасуын салыстыра қарастырып, осы деректерді жан-жақты сипаттау екі тілдің фразеологиялық қорының даму белгілерін ажыратуға мүмкіндік береді.

Ағылшын тіліндегі сан есім атаулары ұйытқы болған фразеологизмдер туралы деректер жинау барысында «Символика и значения числовых компонентов в английских фразеологических единицах» [5] тақырыбындағы бірнеше авторефераттар мен диссертациялық жұмыстарда қаралған. Сонымен қатар, М.И.Польская, В.Р.Багдасарян еңбектерінде ағылшын тіліндегі фразеологизмдерге жалпы түсінік беріліп, соның ішіндегі сандық фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктері, мағынасы, символикалық мәні туралы талдаулар жүргізілген. Аталған жұмыстардың көтерген мәселесі бір, яғни сандық фразеологизмдерге талдау жасау болғандықтан еңбектердің жалпы мазмұны бір екендігі байқалды.

Сондай-ақ, Е.Н.Ясюкевичтің «Особенности английских фразеологизмов, отражающих лингвокультурный концепт «число»» мақаласында ағылшын тіліндегі сандық фразеологизмдердің семантикалық ерекшеліктері берілген. Е.Н.Ясюкевич сандық фразеологизмдерді саралай келе сегіз мағыналық топтарын көрсетеді:

- 1) «жаман болу, ыңғайсыз жағдайда қалу»: to be at sixes and sevens, two of a trade never agree, when two ride on a horse, one must ride behind; a donkey between two bundles of hay-екі оттың ортасында қалу.
- 2) «жақсы, керемет болу»: second to none-жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар; to look like a million dollars амер. «Керемет» деген мағынаны білдіреді.
- 3) «бірдей болу, ұқсас болу»: on all fours-сәйкес келу; to be like two peas-ұқсас болу; six of one and half a dozen of the other- еш айырмашылығы жоқ.
- 4) «көп немесе үлкен болу»: осы топқа жататын фразеологизмдер nine, hundred сандар арқылы жасалады: nine tenth барлығы дерлік, көбісі.
- 5) «көп емес шағын болу»: two by four- шағын, елеусіз; hundred to one- мүмкіндігі аз, the three tailors of Tooley Street-көп халықтың атынан бір гана адам сөйлеу.
- 6) «белгілі бір жаста, аймақта немесе жағдайда болу»: forty-rod lightning, sweet seventeen.

7) «белгілі бір ортаға тән заттар»: plus fours, the third degree, the first reading, the third house, forty winks, the sixth sense, the fourth estate, the four hundred.

8) «барынша күшті, жылдам болу»: like sixty-шапшаң, үлкен жылдамдықпен; to go nineteen to the dozen in two twos-дәл қазір; for all one is worth- бар күшімен; to put one's best leg first-тез жүру; nine times out of ten.

Сонымен қатар, сандық фразеологизмдерді екі үлкен топқа бөліп қарастырылады:

1) құрамында сан есім (есептік, реттік) атаулары бар ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктер қатарын «ядро» құрайды;

2) құрамында зат есім (half, pair, quarter-жарты, жұп), сын есім (double), үстеу (once, twice, thrice) сөздері «периферия» қатарын түзеді. Осы сөздердің әрқайсысы сан есімдермен тікелей байланысты. Яғни, сандық ұғымды білдіреді.

Ағылшын тілінде hundred, thousand, million сандары екі жақты ұғымды білдіреді. Яғни, сөйлемде сандық ұғымды да, заттық ұғымды да білдіреді. Олар кез келген сөз табымен тіркескенде түрлі мағынаны білдіреді. Осы сөздерге семантикалық талдау жасалғанда сан есім ретінде төмендегідей сандық ұғымды білдіреді: 1) нақты сандық; 2) жуықталған.

Нақты сандық мағына белгісіздік артиклімен қолданысқа түскенде мағынасы көмескіленеді (a hundred books). Аталған топқа жататын сөздер нақты сандық ұғымды білдіріп (жүз, мың), жинақтық қызметін атқарады.

Ағылшын тілінде де сан есімдерді жіктеуде бірізділік жоқ. Ғалымдардың зерттеуінде көбінесе қолданыс тапқан есептік сан есім болып табылады. Есептік сан есім зат есіммен тіркесіп заттың нақты санын білдіреді. Мысалы: one book.

Реттік сан есім заттың ретін, қатарын көрсетеді. Белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық ретін білдіру үшін қолданылады. Реттік сан есім «жеке», «рет» деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар, кез келген дүниені көпшіліктен ажыратып, бөліп тұратын сан есім түрі «First» англосаксон fyrst

(бәрінен бұрын, ерте) сөзінен шыққан. "Second" реттік сан есімі латын тілінің sequi (келесі) сөзінен шыққан [4].

Кең таралған көптеген фразеологиялық сөздіктерде тілші-ғалымдар, ең алдымен, басқа көрсеткіштерден гөрі, орамдардың идиомалылық дәрежесін басшылыққа алады. Осыдан келіп, фразеологизмдерге тұрақтылығы әр түрлі дәрежеде келетін фразеологиялық тіркестер, бейнелі орамдар, тұрақты теңеулер, сөздік клишелер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер жатқызылады.

Қорыта айтқанда, жалпы қазақ-ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдер қоры кең ауқымда зерттелгенімен, қазақ және ағылшын тілдері сан есім атаулары ұйытқы болған фразеологизмдердің тілдегі көрінісін, ортақ тұстарын, дара белгілерін, тұрақты тіркес ретінде тілде қалыптасуының себеп-салдарын салғастыра зерттеу - отандық тіл білімінде әлі қолға алына қоймаған тың дүние. Сонымен қатар, ағылшын тілінде де сан сыңарлы фразеологизмдердің зерттелу ауқымы өзге ұйытқы сөздерге қарағанда тар екендігі байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г.И.Исина «Фразеологические сравнения в современном английском языке» А. 2018ж, 124б.
2. Т.Ж.Мықтыбаева «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы» А. 2015. 10.02.20. авторәферат.
3. Бекишева Б. Қазақ-ағылшын фразеологизмдеріндегі «адам» концептісі. // Қазіргі заманғы ғылымның өзекті мәселелері. – Польша, 2013. – 106 б.
4. Creative tasks in spoken English. U.K.Orynbayeva. Almaty: 2019. -100р.
5. Теория обучения иностранным языкам : Лингводидактика и методика. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. 2015
6. С.Н.Степанова Английский язык для направления “Педагогическое образование”=English for Pedagogical Education: 6-е издание. М.: Академия, 2014. -224с.